

№ S00042 25.03.2022 ж

**«Ардақты Анашым» атты
8- наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік**

ШУАҚБАЕВА АЙНҰР НУРАБЫЛЛАҚЫЗЫ
*Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек жолы ауылы
ЖШС «Асылым-ай» бала бақшасы*

1.Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар!
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Аналар, әжелер, тәрбиешілер, педагогтар бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын!

Мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Аналар көктемгі күндей жарқырап, гүлдей құлпырған гүл мерекелеріңіз құтты болсын! Көктемнің шуақты күндеріндей, сан-алуан гүлдеріндей, құлпырып, жайнап жүре беріңіздер! Жүздеріңізден шаттық, көңілдеріңізден қуаныш арылмасын!

Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған «Ардақты анашым» атты ертеңгілігімізді қабыл алыңыздар.

2.Жүргізуші; Біздің балдырған тобынын орындауында хор ән «Ақ мамам»

2.Жүргізуші; Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті абзал аналар- дей келе балаларымыздың сіздерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар

О.Сұлтан, Зере, Әлібек, Рамазан, Е.Мансүр, Нурали,

3. Жүргізуші; Ал балалар бізге қазір қонақ келеді.

Музыкамен көктем ханшайымы кіріп келеді.

4.Көктем; Сәлеметсіңдерме балалар, қонақтар! Бүгін сендерде қандай мереке болып жатыр?

5.Жүргізуші; Салеметсің бе көктем ханшайымы. Біздің мерекемізге қош келдіңіз! Біздің балаларымыз сізді асыға күтуде.

Көктем ханшайымы біздің балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Көктем:Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
Балалар:Көктем мезгілі.

Көктем: Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Күн мен түн теңеседі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Адамдар жылы киімін тастап, жеңіл кейіне бастайды.

Көктем: Көктем мезгілінде неше ай бар? Атауларын кім айтып береді?
(наурыз, сәуір, мамыр)

Көктем: Көктем айында табиғат не істейді?

Балалар:Көктем айында табиғат оянады

Көктем:Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер!

6.Жүргізуші;Балдырған тобының қыздарының ромашка биі.

7.Жүргізуші;Балдырған тобының тақпақтарын қарсы алыңыздар.

Еркежан, Е.Султан, Айару, Айсұлу, Кәусар, Абурахман.

8.Жүргізуші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы.

Көрсетер бүгін өнерін,

Бал-бұл жанған ұл-қызың.

Құтты болсын қадамың,

Өнерге басар жұлдызың.

Балдырған тобының қыздарының гүлдер биі.

8.Жүргізуші;Біздің балдырған тобының Арынғазы баламыздың **Қыздар** әнін тамашалаңыздар.

9.Жүргізуші; **Балалар ойын ойнаймыз ба?** Олай болса балалар біз қазір көктем аруымен ойын ойнаймыз.

10.Жүргізуші; Балдырған тобы балаларының тақпақтары

Ринат, Р.Айлин, Нүргүл, Қ. Мансур, Жасмина, Айзере,

11.Жүргізуші;Балдырған тобының ұлдардың биі

12.Жүргізуші;

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап

Ана дейді жас сәбиде жарқылдап

Ана деген бәйтерегі өмірдің

Ана деген алтын қазық алтын бақ.

Балдырған тобының балаларының хор әні «Солнышко в окошко»

13.Жүргізуші:Ана деген бәйтерегі өмірдің

Ана деген қуанышы көңілдің
Ана деген әр бір үйдің жылуы
Ана деген гүлі туған өмірдің

Тақпақтар

Сәбина, Сезім, Андрей, Ляна, А.Айлин.

Жүргізуші; Қоштасу

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет

Тәуелсіздікке 30 жыл

КУАНЫШБАЕВА АЙГУЛ МУКАТАЕВНА

*Алматы облысы Қарасай ауданы Жібек жолы ауылы.
ЖШС "Асылымай" балабақшасының тәрбиешісі*

Мақсаты: балалардың еліне деген сүйіспеншілігін ояту.

Сәлеметсіңдер ме балалар, қонақтар, әріптестер. Бүгінгі 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Әнұран.

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылсын

Көкке шуақ шашылсын

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Ал қанекей бәріміз

Сәлем дейміз үлкенге

Сәлеметсіздерме апайлар.

Здравствуйте группа Балдаурен. Гости и коллеги. Сегодня наш утренник посвящен ко дню Независимости Казахстана . Нашей Независимости 30 лет.

Слово для поздравления предоставляется заведующему д.с. «Асылымай» Назгул Рахманкуловне.

Круг радости:

Пой расти, и расцветай

Солнечный прекрасный край

Песней ставлю я тебя

Казахстан земля моя.

Хор:Балдаурен.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? -қыс

Қыс мезгілінің 3 айын атайықшы ? -желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Еліміздің астанасы қай қала? -Нұр-сұлтан.

Какой праздник отмечали недавно? -День первого президента

Как называется наша страна? -Казахстан

Как называется валюта Казахстана? -Тенге.

Тақпак:Ералы, Асель, Арман, Ақайша, Алуа.

Балалар ерте кезде біздің елімізді хандар, сұлтандар, билер басқарған. Балалар қазақ халқында 3-би болған. Олар Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би.

3 бидің өсиет сөздерін тыңдайық.

Қазыбек би: Қазақ деген мал баққан елміз

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз

Елімізден құт береке қашпасын деп

Жеріміздің шетін жау баспасын деп

Найзасына жылқының үкі таққан елміз.

Әйтеке би: Ақиқаттың кең қақпасын ашқандаймыз

Сен сөйлесең батыл айттың тайсалмай

Еш уақытта екі айтуды білмедің

Көкжиектен сәуле төккен ақ таңдай.

Төле би: Осы қазақ неліктен бөлігнеді

Бөлінгендер бөріге желінеді.

Жүзге бөлген адамның жүзі қара

Біліктер биіктен көрінеді.

1986ж желтоқсан оқиғасында Ербол. С. Қайрат Р. Ляззат.А. т.б. жап-жас аға-апаларымыз тәуелсіздік құрбандары болды. Қане балалар осы желтоқсан құрбандарын 1-минут үнсіздікпен еске алайық. Желтоқсан құрбандарына арнап гүл шоқтарын қояйық.

Тәрбиеші: В 1986ж году. 16-декабря в Алматы произошло событие которое потрясло весь народ .Это был первый шаг к Независимости. Молодые люди хотели свободу, Независимость. Мы должны помнить и благодарить героев К.Рыскулбекова, Е.Сыпытаева, Л.Асанову , С.Мухамеджанову. Эти герои которые своей жизнью дали нам Независимость .Через пять лет после этого события 16-декабря 1991году наша Республика Казахстан стала Независимой . И в этом же году 1-декабря был избран первый президент Н.Назарбаев.

Независимость –это валюта, Конституция , это герб, гимн, флаг.

Би: Шашу биі

Ойын: Асық ойыны.

Тақпақ: Жанерке, Сұнқар, Мерей, Айару, Темірлан

Жүргізуші: Біздің тәуелсіздікке 30жыл болды. Тәуелсіздік дегенміз-ол еркіндік, азаттық. Қазақстан Республикасының өз теңгесі бар. Ата-заңымыз бар. Рәміздеріміз бар.

Ән: «Біз отанның ұланы»

Тақпақ: Алихан, Стеша, Матвей, Кристина.

7-қазына мәлімет

7-қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырған. Оның ұғымдары- ер жігіт, сұлу әйел, берен мылтық, бүркіт, ақыл білім, құмай тазы, жүйрік ат.

Қазақтар бұрынғы заманнан бері осы 7-қазынаны құрметтеп қадірлеген.

Ойын: «Көңілді сандар»

Би- «Алтын бесік»

Тәрбиеші: С днем Независимости нужно

Поздравить славный Казахстан

Республика пусть процветает

Войдет в десятку лучших стран.

Танец- «Мой Казахстан»

Осымен балдаурен тобының Тәуелсіздікке -30жыл атты ұйымдастрылыған іс-шарамыз аяқталды.

Көк туымыз, көк аспанда желбіреп, аспанымыз ашық болсын.

Хор «Көк тудың желбірегені»

Балалар, бүгін бізге сол Жеті қазынаның бірі бүркіт қонаққа келді, қарсы алайық.

Сұрақтар:

1.Бүркіттің басқа құстардан қандай ерекшелігі бар?

2.Бүркітті баптайтын, қарайтын адамды қалай атаймыз?

3.Бүркіттің бейнесі қай жерде бейнеленген?



«Төрлет, төрлет Наурыз!» ертеңгілік

ОТЕГЕНОВА КУМИСХАН КЕНЖЕБЕКОВНА

*Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы
Еркемай бөбекжайының II санатты тәрбиешісі*

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен алыс мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.

Жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,

Көрмегендер де армандар,

Қызықтан тыс қалмаңдар!

«Наурыз Думан» әні орындалады қазақ киімдерін киген балалар айнала жайылған көрпелерге жайғасып отырады.

Жүргізуші: Армысыздар, ата-аналар, қонақтар Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз-«жаңа күн» деген сөз. Бұл күн- біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап кележатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз айы-Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік
Ән «Нұрлы көктем»

Жүргізуші: Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіндер ме!

Балалар: Қыдыр Ата! Наурыз Әже!

Жүргізуші: Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

Қыдыр ата:

Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің
Ықыласпен қол жайсаң,
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын
Ұлыс бақты болсын
Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

Наурыз Әже: «Наурыз келсе, құт келгені, халайық!»

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

Жүргізуші: Қыдыр ата ! Наурыз Әже! Ортаға жайғасындар бүгін біздің «Еркемай» бөбекжайында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар!

Қыдыр Ата: Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсаңдар ешқандай қарсылығымыз жоқ.

(Ортаға барып отырады)

Жүргізуші: Ендіше Наурыз жайлы өнерлеріне кезек берейік.

Би «Қамажай»

Жүргізуші: Рахмет балалар. Енді біздің балалар ұлттық ойын ойнап береді.

Ойын «Асық жинау»

(шарты: әже қоржынынан асықтарды шашады, балалар шашылған асықтарды әуенмен жинап береді. Мақсаты: жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелейді)

Кішкентай бала қолында қамшы бар «Сүйінші,сүйінші» сәби дүниеге келді.

Қыдыр Ата: Сәбилерің құтты болсын! Баланың бау берік болсын!Кішкентай сәбиді әкеліндер азан шақырып атын қояйық!

Әже: Құндақталған сәбиді алып келеді!

Қыдыр Ата: Сен Наурыз мерекесі күні дүниеге келгесін сенің атыңды Наурызбай қоямыз деп Сенің атың «Наурызбай» Сенің атың «Наурызбай» Сенің атың «Наурызбай» үш рет құлағына айқайлайды.

Наурыз Әже: Енді дүниеге келген сәбиді бесікке салайық!Балалар,бесікке салу үшін Бесік, қолбау, аяқбау, шүмек, көрпе,көпшік.Бесік-қасиетті мүлік. Бесікті аластап, тыштырма жасап, баланы бесікке бөлейді. Бәле-жаладан сақтасын деп, ырымдап, оған тұмар тағып қояды.

Бала:Әже! Бесікке баланы жатқызбас бұрын қандай ырым жасалады?

Әже: Баланы қырқынан шығарады.

Бала: Баланы қырқынан қай кезде шығарады.

Әже: Туылғанына қырық күн толғанда қырқынан шығарады. Қырық қасық суға түсіріп ит көйлегіне тәттіні түйіп, оны иттің мойнына байлап жібереді. Балалар итті қуып жетіп, тәттіні бөліп жейді. Ит көйлек нәрестенің алғашқы көйлегі.

Жүргізуші: Наурыз әже осы ойынды біздің балалар ойнап берсін.

Ойын: бір бала ит болады оның мойнына кәмпит түйіп байлайды. Ол қашады оны балалар қуады. Ит болған балаға жеткен бала кәмпитті үлестіріп береді.

Би: Қара жорға

Жүргізуші: Ал балалар, мерекемізді ары қарай жалғастырайық!

Наурыз келді тамаша,

Ән айтамыз таласа!

Ән « »

Әже: Менің балаларым осы наурыз біздің жаңа жылымыз осы мерекеде мен үнемі наурыз көже пісіремін. Сол наурыз көжені қалай пісіру жолын айтып өтейін (әже наурыз көже пісіру жолын айтып береді) Құрметті қонақтар менің жеті түрлі дәм салған наурыз көжемнен ауыз тейіңдер! Ақ мол болсын!

Қыдыр Ата: О, халқым кішкентай менің балаларым! Сендердің бүгін өнерлеріңді тамашаладым үлкен тойының куәсі болдық тойларың тойға ұласа берсін халқымыз тыныш, еліміз аман болсын! Биз еліме қайтайын аман сау болыңдар!

Жүргізуші: Айтқаныңыз келсін!

Дендеріңіз сау, мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барша жұрт бақытты болсын!

Еліміздің несібесі көп болсын!

Көріскенше күн жақсы болсын! Қымбатты, балалар! Көктемнің ару мерекесі, Наурызбен тағы да құттықтаймыз! Ұлыс құтты болсын, төрт түлік ақты болсын! Арайлап атқан әр таңдарыңыз қуанышқа толы болсын деп отыра «Төрлет, Төрлет Наурыз» атты ертеңгіліміз аяқталды хош сау болыңыздар.

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ТЕЗЕКБАЕВ АБДИПОЛАТ КАЛДЫБЕКОВИЧ
Шымкент қаласындағы SILKWEY университетінің
математика пәнінің аға оқытушысы

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.

4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз.

Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

Деңгейлік оқытудың математика сабағындағы тиімділігі

ДОСПАНОВА БЕКЗАТ БЕРДАЛИЕВНА

*Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің «№ 9 лицейі» КММ
Математика пәні мұғалімі*

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы ҚРбілім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат –екендігі - сөзсіз.

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім-беруді-ақпараттандыру.

Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білуі қажет. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты талабы. Жаңа талаптарға сай көптеген оқыту технологиялары бар. Солардың бірі –профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Бұл технология оқушының ой-өрісінің дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір тарау бойынша деңгейлік тапсырмалар дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасын қамтамасыз етеді. Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздар қауымының бүгінгі-таңдағы-басты-міндеті.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адам қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі –бүгінгі күн талабы. Бұл талапқа жету жолы - білім

берудің тиімді жолдарын таңдай білу. Сондай жолдардың бірі – деңгейлік оқытудың математика сабағындағы тиімділігі. Оны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың жана технологияларын алдымен жете меңгеріп, одан соң оқу мазмұнына, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Осы технологияны қолдану негізінде әрбір бала бойындағы дара қабілет анықталады, әр оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде болады.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізгендегі басты мақсат – сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі топтарға бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту принциптерімен қатар, барлық оқушыға қатысты ізгілендіру принципі де сақталады. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әр түрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады. Деңгейлік тапсырмаларды орындағанда мұғалім – бақылаушы, кеңесші. Деңгейлік тапсырмаларды қолдануда оқушылардың ақыл-ой еңбегін жетілдіру талабы қойылады.

Қорытынды жасай отырып, деңгейлеп оқыту технологиясының негізгі ерекшелігін, ұтымдылығын, тиімділігін сабағымда қол жеткізген төмендегідей жетістіктермен көрсетуге болады:

- жаңа материалды оқып-үйренуге және оқып игеруге деген оқушылардың пәнге қызығушылығын тудырдым;
- жаңа білімнің мазмұнын жоспарлағанда оқушыға берілетін тапсырма оқушының қабілетін ұштайтындай, ойын, қиялын дамытатындай етіп дайындауды үйрендім;
- оқушы өзін жеңімпаз ретінде сезіне алатындай тапсырмаларды әртүрлі күрделілік дәрежеде орындату арқылы оқушылардың білімін саралауды ұйымдастырдым.

- білімді дайын күйінде бермей, оқушының өзі білімді қарқынды ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы жетуін ұйымдастырдым;
- оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін тудыратын, қабілеттерін жан-жақты дамытатын әр түрлі белсенді оқыту әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдандым;
- оқушылардың білім алу нәтижелерін жүйелі талдап, бағалап қорытынды жасап отырдым.

**Инновациялық технологиялық білім беру қызметінде
және режимдік үрдістерде қолданудың маңыздылығы**

ШАЙМЕРДЕНОВА АНАРКУЛ АСҚАРБЕКОВНА

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

КМҚК «№ 1 «Аққайың» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.

Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Зайцев технологиясы
3. Ойын технологиясы
4. ТРИЗ технологиясы

Денсаулық сақтау технологиясы

Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты :

Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес. Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясы мына төмендегілермен тығыз байланыста болады:

- Мектепке дейінгі мекемелермен;
- Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы;
- Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы;
- Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар;
- Педагогтың кәсібі құзіреттілігі;
- Балалардың денсаулық көрсетілімі.

Жобалы-іс шығармашылық технологиясы

Балабақшада баламен педагог бірлесіп жүргізеді.

Яғни баланы тәрбиешімен бірге ізденуге, проблемелық іс-әрекетті жасай білуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады. Жобалар бөлінеді:

Қатысушылар санына қарай : жеке, екі адам, топпен.

Ұзақтығына қарай: қысқа мерзім, орта және ұзақ мерзімдік.

Әдіс түрлері: шығармашылық, ойын, зерттеу, хабарлама.

Тақырып бойынша: баланың отбасын қатыстыру, табиғат, қоғам т.б

Зайцев технологиясы

Зайцев технологиясы бойынша оқыту бұл ойын арқылы оқыту.

Технологияның негізгі мақсаттары:

Мектепке дейінгі жастағы баланы санауға, оқуға үйрету;

Балаларға оқыту мен санаудың қатар жүргізілуі арқылы дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Бүктеу арқылы оқыту;

Өлең айту арқылы оқыту;

Балаларды оқу арқылы жазуға үйрету;

Балалардың барлық есте сақтау түрлерін қолдану-дыбыстық, моторлық, кинестикалық, түстік дағдыларын қалыптастыру;

Көрнекіліктерді кеңінен пайдалану;

Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауы.

Ойын арқылы оқыту технологиясы

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету.

Ойын технологиясының ерекшелігі: ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

ТРИЗ технологиясы

ТРИЗ — дің мақсаты — тек қана балалардың қиялын ғана емес,

сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін — өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

Тришшылардың ұраны — “Барлығын айтуға болады!” Балалық шақтағы ТРИЗ-баланың ойлау процесімен, тілі, қиялы, есте сақтау қабілеті, зейінінің белсенді және бірлесіп дамуды тұспалдайтын ТРИЗ элементтерін және шығармашылық қиялды дамыту әдістері мен компьютерлік үйрету бағдарламаларын қолдану арқылы қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтетін, игерген біліммен білікті өзіндік әрекет кезінде, көркем әдебиет, тілдік, ойын зерттеу, қатынас т.б әрекетте қолданатын адамның ойлауын дамытып тәрбиелеудің белгілі бір жүйесі.

ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясын өткен ғасырдың 70 жылдары Г.С.Альтшулер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулиды.

Тәй-тәй технологиясы

Негізін қалаған: Джорж Сорос

Мақсаты: Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.

Монтессори технологиясы

Негізін қалаған: М.Монтессори

Мақсаты: Балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеу.

Дамыта оқыту технологиясы

Негізін салушылар мен зерттеушілер: В.Давыдов, В.Занков, В.Эльконин, П.Эрдниев

Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістері:

- 1.Ой толғаныс әдісі
- 2.Ассоциация әдісі
- 3.Салыстыру әдісі
- 4.Раунд-Робин әдісі
- 5.Топтастыру әдісі

Ой толғаныс әдісі немесе психология тілінде «Миға шабуыл» деп те атайды. Бұл әдіс көбіне ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбын ашуда қолданылады. Мысалы жұмбақ шешу, сөзжұмбақ, суретті ребустар арқылы.

Ассоциация әдісі. Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан-жағына жазылады. Мыс:

Жалпы отбасы: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні

Салыстыру әдісі. Бұл әдісте балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды.

Мысалы: Алма мен қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығы

Раунд-Робин әдісі. Бұл әдіс өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс. Мыс:

«Гүлдер» тақырыбында

-Гүл өсімдік -Гүл әдемі -Гүлді жұлуға болмайды

-Анамызға сыйлаймыз -Достарымызға сыйлаймыз т.б.

Топтау әдісі. Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі.

Мыс: «Пішіндер» тақырыбын өткенде

I топ – Үлестірмелі картадағы бейнеленген суреттерден геометриялық пішіндерді тауып, көрсету, атын атау.

II топ – Жіпті пайдалана отырып әртүрлі пішіндерді жасау.

III топ – Санағыштан үшбұрыш пен төртбұрышты құрастыру.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

ТАШБОЛАТОВ АСИЛХАН ЕРМЕКУЛЫ

Түркістан облысы Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі

«Ұйымшыл шағын жинақты ЖББ» ММ.

Технология пәнінің мұғалімі

Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым. Ұлы данышпан Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» деген сөзі осыны дәлелдесе керек. Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің мәні зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата-бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш. Сол себепті жалпы білім беретін орта мектептерде бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет.

Эстетикалық мәдениетті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан қазірден бастап мектеп оқушыларына ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, оны ұлттық қолөнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі күннің талабы – білімді, өнерлі, өнегелі жас ұрпақ тәрбиелеу. Әлемдік білім беру жүйесі ХХІ ғасырда жаңа, тың бағытта дами бастады. Білім берудің мазмұны, мақсаты өзгерді. Қоғам, мемлекеттік болған соң, ең алдымен, білім, тәрбие керек. Сондықтан да елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім мен өнер, мәдениет салаларына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес.

Көркем эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуде ұлттық өнерді үйретуде мына мақсаттарды алға қоюымыз керек:

- халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәрбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын дүниетанымын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптасытыру;

- жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу;

- ұлттық қолөнері және рухани-мәдени байлығымызды танып-білуге тәрбиелеу.

Өз отанының және халқының қолөнер мұраларын танып, жетік меңгеру;

Еліміздің өркениетті елдер қатарынан алдыңғы орындарды иеленуге ұмтылуы жағдайында жас ұрпақты жан-жақты дамыта тәрбиелеу қажеттігі арта түседі. Мұны жүзеге асырудың бір жолы олардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру болып табылады. Өйткені жеке тұлғаның эстетикалық тұрғыдан дамуы тәрбиенің құрамдас бөліктерінің барлығымен сабақтастықта, өзара байланыста жүзеге асырылады. Әсіресе, бұл сәндік-қолданбалы өнерді үйрету үрдісінен айқын көрінеді.

Жас жеткіншектерге ұлттық өнердің қыры мен сырын игерте отырып, олардың эстетикалық сезімталдығын, ой-қиялын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін шыңдау, балалардың өзі өмір сүретін ортасына сұлулық әкелуге деген құштарлығын, туған халқының көркем-мәдени мұраларына, эстетикалық дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік қатынастарын тәрбиелеуге зор мүмкіндік туғызады.

Қазіргі уақытта эстетикалық тәрбие үлкен маңызға ие. Оның міндеттерінің бірі – жасөспірімдердің шынайы өмірге, өнерге эстетикалық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан іздемпаз тұлғаны дамытудың факторы саналады. Адамның шындыққа, өнерге эстетикалық қарым-қатынасы эстетикалық қабылдаудан басталады және онсыз қалыптасуы мүмкін емес. Осыған байланысты балалардың эстетикалық тұрғыдан қабылдау және бақылау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі артады. Осы қабілеттердің дамуы өмір мен өнердегі әсемділікті, ұлылықты, шынайылықты түсінуге және оларды талғамсыздықтан ажырата білуге мүмкіндіктер жасайды. Эстетикалық қарым-қатынастар эмоционалдық сипатқа ие болғандықтан өмір мен өнердің эстетикасын тану, эстетикалық күй кешу, сезіну арқылы жүзеге асырылады. Әсемдікті, ұлылықты қабылдау адамды алуан түрлі сезімге бөлеп, жағымды әсер қалдырады.

Эстетикалық тұрғыдан қабылдау адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол білгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл эстетикалық қажеттілік, қабілет, талғам, бағалау және т.б. сапаларды қамтитын жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі.

Шындыққа эстетикалық қарым-қатынас затты, құбылысты эстетикалық тұрғыдан бағалаулан да көрінеді. Ал эстетикалық тұрғыдан бағалау эстетикалық талғамнан талап етіледі. Жасөспірімнің эстетикалық талғамы оның эстетикалық тұрғыдан сезімін білдіру, оны саналы ойдан өткізу, көркемдік сапаны эмоционалдық бағалау, көркемдік нысанды жеке эстетикалық қажеттілігі деңгейімен салыстыру және т.б. қабілеттерді қамтитын психикалық қасиеттерінің күрделі кешені болып табылады. Эстетикалық талғам жеке тұлғаның қажеттіліктері мен идеалымен қатар жүретін күрделі білім.

Ол жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші, көркемдік дамуының деңгейі болып саналады. Эстетикалық талғамның дамуында қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Жасөспірімдірдің осы сапаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер сласындағы жан-жақты білімдер, аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындау ықпал етеді.

Жасөспірімдердің сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде эстетикалық мәдениетін қалыптасытыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырымас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады.

Мектептегі технология сабағында және үйірме жұмыстары барысында шәкірттерге қолөнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды көркем еңбекке баулу халқымыздың мәдени мұрасын жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді, рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, қиялына қозғау салып, көркем еңбекке баулуда сыйлық заттар жасатудың тәрбиелік мәні зор. Ұлтты танытатын сыйлық заттар жасау барысында әр бұйымды, дәстүрді зерттеу арқылы ізденіс туындайды, оқушылар бойында патриотизм қалыптасады.

Ең басты міндет оқушыларды көркем еңбек арқылы қызығушылықтарын арттырып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекке деген ынтасын арттыру.

Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарын талдап қана қоймай, соларға ұқсатып жасау баланың шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттырады, әдемі заттар жасауға талпындырады, рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында эстетикалық мәдениет элементтері де үлкен мәнге ие болады.

Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымдарға сұраныстың артуы оқушыларды қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырады. Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп: оқушы жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге, өз бағыт-бағдарын анықтауға, мүмкіндіктерін іске асыруға даярлау.

Ұлтымызды танытатын домбыра, қобыз, жетіген, т.б. музыкалық аспаптар, киіз үй, бесік, алтыбақан, қымызға арналған ыдыс-аяқтар, ою-өрнектер, төрт түлік, аңыз-ертегі, салт-дәстүр осының барлығын пайдаланып, түрлі композициядағы сыйлық зат жасау оқушылардың жеке шығармашылықтарын қалыптастырады. Мысалы: домбыраның құрылысы, түрлерімен таныстырып, жасалу жолдарын үйретіп, бұйымға қажетті ағаш бөлігін таңдап алу керек.

Ағаш бөлігіне домбыраның сызбасы орындалып, артық бөліктері арамен кесіп алынып тасталады, сонан соң қашау, түрпі, т.б. құралдардың көмегімен кішкене домбыра жасалады. Сонан соң астына домбыраны орналастыратын тұғыр жасалады. Бұл бұйымдар қайрақ қағазбен өңделіп бір-біріне клейленіп, лакталады. Осылайша бір ғана домбыраны пайдалану арқылы қаншама түрлі сыйлық зат жасауға болады.

Домбыраның бірнеше түрлері бар, оны әр түрлі жағдайда орналастыру, сонымен қатар бұйымның сан алуан болуы оның тұғырына байланысты. Қаламсалғыш бұйым ретінде де, ою-өрнек немесе басқа да заттармен біріктіріп ойластыруға болады. Екі немесе үш бұйымды пайдаланып, күрделі композициядағы сыйлық заттар да жасауға болады.

Сыйлық заттар жасауға бейімделген оқушылар үйлерінде де үнемі көркем еңбекпен айналысады, халқымызды танытатын бұйымдардан неше түрлі композиция ойластырады, алдағы жасайтын туындыларының эскизін салып, ізденіске түседі. Оқушылардың мұндай жұмыстарға қызығушылықтары өте жоғары, бір-екі жұмыстан соң-ақ қажет құралды, материалды өздері таңдай білу қабілеттері пайда болады. Жасаған бұйымдары өте сәтті шыққанда, оқушы өз еңбегінен ләззат алып, қуанышқа бөленеді, қызығушылығы артып одан да әдемі жұмыс жасауға талаптанады. Егер көп қиналып, жұмысы жақсы шықпайтын оқушы болса, оған ұстазы көмектесіп отырып жасатқаны дұрыс. Әрине осындай сан алуан сыйлық заттар жасау, мұғалімнің оқушыларға бағыт-бағдар беріп, оқытып, баулуына, қиялдарын ұштауына байланысты.

Мұғалім әрқашан оқушыларды үйретіп, бағыт-бағдар бере отырып, өзі де жұмыс істеп, шеберлігін көрсету арқылы оқушыларды шабыттандыруы керек. Басты мақсат, оқушылар өз ұстазын “шебер” ретінде танып, үлгі тұтып, еліктеуіне қол жеткізу.

Кәдесыйлықтар жасауды тек қана арнайы топтарда ғана емес, мектептегі барлық сыныптардың технология сабақтары барысында да қолданған жөн. Әр сынып оқушылары өз жас деңгейлеріне қарай композиция құрады. Қолөнер шеберлерінің туындыларына асқан қызығушылықпен мән беріп, зерттей қарап, ұлттық өнерді қадір тұтады. Бұл жұмыстар келешек қолданбалы өнер шеберлерінің қалыптасуының бастауы.

МАЗМҰНЫ

- *ШУАҚБАЕВА АЙНҰР НУРАБЫЛЛАҚЫЗЫ*
- *ҚУАНЫШБАЕВА АЙГУЛ МУКАТАЕВНА*
- *ОТЕГЕНОВА КУМИСХАН КЕНЖЕБЕКОВНА*
- *ТЕЗЕКБАЕВ АБДИПОЛАТ КАЛДЫБЕКОВИЧ*
- *ДОСПАНОВА БЕКЗАТ БЕРДАЛИЕВНА*
- *ШАЙМЕРДЕНОВА АНАРКУЛ АСКАРБЕКОВНА*
- *ТАШБОЛАТОВ АСИЛХАН ЕРМЕКҰЛЫ*